



**Бірлікбай Кемалұлы Ордабаев  
(Еңбекпен шыңдалған тұлғалар)**

**011**  
**Б 94**

**Б 94** Бірлікбай Кемалұлы Ордабаев. Ардагер металлург: библиографиялық жадынама /Теміртау орталық кітапханасы: құраст. К.Жанашева. - Теміртау. - 2023. - 16 б. - **(Еңбекпен шыңдалған тұлғалар)**.

Теміртау қаласының орталықтандырылған  
кітапханалар жүйесі КММ  
Ақпараттық-библиографиялық бөлімі

# **Бірлікбай Кемалұлы Ордабаев**

**Ардагер металлург**

**(Еңбекпен шыңдалған тұлғалар)**

**библиографиялық жадынама**

**Теміртау, 2023**

## Оқырманға

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары Қазақстан Магниткасы бүкілодақтық екпінді құрылыс деп жарияланып, кең-байтақ одақтың түкпір-түкпірінен жастар Арқаға ағылып келген еді, оларды қара металлургия қызықтырды, темір қорытып, болат балқытудың қыр-сырын игеру ісі магнитше тартты. Сөйтіп, қазақ даласында үлкен өндіріс ошағының - Қарағанды металлургия комбинатының іргетасы бой көтерді. Қазір ол дүниежүзінің жетпістен аса еліне өз өнімін тарататын үлкен кәсіпорын.

Теміртау-тектілерге тұғыр болған киелі мекен. Арамызда тағдыры құрыш қаламен біте қайнасып, бүгінде соның бір бөлшегі болып кеткен ардақты тұлғаларымыз қаншама...

Ақпараттық-библиография бөлімі майталман тұлғалардың ерен еңбекпен бейнетке, зейнетке толы өмір жолдарын өскелең ұрпаққа насихаттай отырып, **«Еңбекпен шыңдалған тұлғалар»** топтамасымен библиографиялық жаднама әзірледі.

Жаднаманы құрастыру барысында электронды каталог пен интернет қолданылды. Пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі материалдар мерзімдік басылымдардан алынды.

**Тізім қалың оқырман жұртшылыққа арналған.**

Бүгінгі біздің кейіпкеріміз, тағдырын Теміртаумен тоғыстырған қадірменді ақсақал, майталман металлург, зейнетте жүрсе де қоғамдық өмірден қол үзбей, үнемі



қаламыздың тыныс-тіршілігіне белсене қатысып келе жатқан **Бірлікбай Кемалұлы Ордабаев.**

Бірлікбай Кемалұлы, Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Сергеевка ауылында дүниеге келген ол анасынан ерте айырылып, өгей шешенің қолында жүріп, бала жаны талай жараланған, ақыр соңында 1952 жылы Алматыдағы жетім балаларға арналған интернаттан бір-ақ шығады. Сөйтіп, №12

мектепте оқуын жалғастырады. Осылайша, Алматыдағы орта мектепті 1958 жылы бітіріп, Мәскеудегі болат және қорыту институтына барып, оқуға түседі.

Егер әрбір адам өз алдына бір-бір тағдыр дейтін болсақ, бүгінгі кейіпкеріміздің де өткен өмір, еңбек жолы үлкен бір романға арқау болатыны анық. Балалық шақтың бақытынан гөрі бақытсыздығын, жетімдігі мен аш-жалаңаштығын көп көріп, ақыр соңында балалар үйінде тәрбиеленуінің нәтижесінде аяғынан тік тұрған ол бүгінде өткен өмір өткелдеріне өкінген емес. Өмірге құштар қамкөңіл ол өзінің балалық шағында көрген ауыртпалығы мен қиындығынан біржола құтылудың, аяғын нық басып, ел қатарына қосылудың жолы-білім алу, мамандық меңгеру деп түсініп, осы сапарға бел буған еді. Үміті ақталып, талабы ұшталып, екінің бірінің жолы да, қолы да жетпейтін іргелі оқу ордасының студенті аталады.

Қанша дегенмен сол кездегі ел жүрегі саналатын одақ-

тың астанасы жас жігіттің ой-санасын, өмірге деген көзқарасының, азаматтық келбетінің қалыптасуына өзінің орасан ықпалын тигізумен бірге бала жасынан бойына жабысқан дертінен де құлан-таза сауығуына тікелей ықпал етті. Мәскеуде, сауығы мен сайраны, қызығы мен шыжығы

басым студенттік ортада ол өзінің әншілік, бишілік қырынан да танылып, қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүрді, сөйтіп, аталған оқу орнын 1963 жылы ойдағыдай бітіріп, инженер-металлург мамандығын алып шықты.

- Әрине, ол жылдары қандай қиын кез болса да, ең бір жақсысы, барлық асханалар мен мейрамханалардан тегін болды, сондықтан қарынымыз тоқ болды. Жайлы жатақханада жатып, сосын алаңсыз сабақ оқумен болдым. Барлық ұстаздар қауымының көзқарасы оң болды, институттағы қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүрдім,- деп өткен күндерді еске алады Бірлікбай аға.

1963-1966 жылдары Қарағандыдағы Қаз ССР ғылыми академияның химия-металлургия институтында ғылыми қызметкер болып еңбек жолын бастайды. Осы жылдар аралағында халқымыздың арда азаматы, белгілі ғалым Евней Бөкетовпен бірге қызмет атқарады. „Ол кісі мені ғылымға баулып, бір емес, бірнеше рет жанына жақын тартты, бағыт-бағдар мен болашақтағы зерттейтін тақырыбымды беруге ынталы болды. Қазір ойлап қарасам, менің бойымда жастық желігім басым болыпты, сөйтіп мен 1966 жылы Мәскеуге қайта кетіп қалдым,- дейді өзі. Әрине, өзінің оқыған ортасы оны құшақ жая қарсы алады, дегенмен аспирантураға түсу үшін белгілі бір деңгейдегі дайындығы мен нақты тақырыбы болуы қажет болғандықтан, ректор оны Украинаға жібереді. Мұндағы политехникалық институттың зерттеуші-инженері болып, соңынан Енакиевский металлургия зауытында лауазымды

қызметтер атқарады. Ал 1970-1972 жылдары Мәскеуге келіп, аспирантурада оқиды, дегенмен денсаулығына байланысты оны бітіруге мүмкіндігі болмай, Теміртауға келіп, комбинатқа жұмысқа тұрады. Міне, осылайша, болат және қорыту институтына барып, Бірлікбай Кемалұлының Теміртаумен тағдыры тоғысып, конвертор цехында сталевар болып, қайнаған қызу еңбектің арасында өз мамандығымен еңбек көрігін қыздыра түседі.

Өз кәсібін меңгерген, білімі мен білігі ұштасқан маманның бәсекеге қабілетті болатыны рас, сол кездегі комбинат басшылығы Бірлікбай Ордабаевты 1983-1986 жылдар аралығында шет елге барып, ондағы әріптестеріне металлургияның қыры мен сырын үйретуіне мүмкіндік береді. Сөйтіп, осы жылдар аралығында ол отбасымен Үндістанға аттанып, Бхилайск металлургия комбинатында еңбек етеді.



Біздің кейіпкеріміз, Бірлікбай аға 1974 жылы Жаңаарқа ауданының тумасы Нескен Қабдешқызымен отау көтерген болатын. Отанасы Нескен Ордабаева Қарағанды политехникалық институтының түлегі, мамандығы инженер-экономист. Институтты бітіргеннен соң жолдамамен Алматыдағы ауыр машина жасау заводында

өз мамандығы бойынша қызмет атқарған. 1974 жылдан 2007 жылға дейін комбинатта еңбек етіп, зейнетке шыққан. Бүгінгі таңда ерлі-зайыптылар Марат есімді ұлдарынан Майра, Мирас есімді немере сүйіп, бақытты ғұмыр кешуде. „Әке көрген оқ жонар,, демекші, Марат комбинаттағы кислород цехында учаске бастығы лауазымында.

- Бірлікбайдың Теміртаудың тұрғындары арасындағы орны бір белек, ол өзінің ақ жарқын көңілімен, достық қарым-қатынасымен, азаматтық келбетімен арамызда орасан сый-құрметке ие. Қазіргі таңда ардагерлердің **«Магнитка»** ансамбліне жетекшілік етеді. Оның бойындағы ұлт тіліне, өнеріне деген қызығушылығы мен қамқорлығы тіпті ерекше, жүрген жерінде халқымыздың ақиық ақындарының жыр-шумақтарын жатқа оқып, жұртшылықты тамсандырады, сол арқылы төл өнерімізді, өресі кең өнерімізді, өлеңімізді насихаттайды, сөз өнеріне тәнті етеді -деп өзінің жылы лебізін білдірді Теміртаудың бас ақыны Қасым Ботанов.





Қалалық ардагерлер кеңесінің өзі тұратын 8 ықшамаудандағы бастауыш ұйымын басқаратын Бірлікбай ағаның белсенділігі өз алдына бір әңгіме.

- Мен кейде өткен өмірімді көз алдыма елестетіп, бүгінге шүкіршілік етемін. Иә, балалық шағымның аспаны ашық болмады, дегенмен, қандай қиындық болса да еңсемді түсірмей көтере білдім. Сол өмір сүруге деген құштарлығым мені аштықтан да, жетімдіктен де аман алып шықты. Сондықтан тағдырыма ешқашан налыған емеспін, қайта ризамын. Менің жолымда жаны жайсаң адамдар көп кездесті, ақыл-кеңесін беріп, бағыт-бағдар берді, қамқорлық көрсетті, - дейді Бірлікбай ақсақал.

Еңбек жолында талай тәжірибені бойына жинақтаған маман ретінде Бірлікбай аға жұртшылыққа танылды. Атап айтар болсақ, Омск-Агропромдорстрой, мекемесінде учаске бастығы, Қаз ГИПРОМЕЗ-де бас конструктор, Қарағанды металлургиялық институты зертханасының „Болат металлургиясы, кафедрасының меңгерушісі, шаруашылық істері бойынша проректор сынды басқа да бірқатар лауазымдарды мінсіз атқарды. Зейнет жасына жетіп, демалыста болса да, бойындаға еңбекқорлығы оны жаңа белестерге, жарқын істерге бастағаны анық. 2002-2012 жылдар аралығында Теміртау политехникалық колледжінде дәріс беріп, жастарды металлург мамандығына баулып, тәжірибесімен де бөлісті.

«Еңбек – ер атадырады» - деген сөз бар. Өмірден білген-түйгені мол, айтары көп ардагердің еңбекпен өрілген осындай өмір жолы талай ұрпаққа үлгі боларына сеніміміз мол. Тағдыры қаншалықты қиын болса да, өзінің өмірге деген құштарлығы, еңбексүйгіштігінің арқасында Бірлікбай ақсақал бүгінде сексеннің сеңгіріне аяқ басқан.

## **Бірлікбай Кемалұлы Ордабаев туралы:**

Лұқпан, Е. Тұғыры биік Теміртау [Мәтін] / Е. Лұқпан, А. Ақын, Т. Смағұл.- Қарағанды: Қарағанды Полиграфия, 2005.- 248б.

Алдашева, Р. Жақсының жүзі жарқын: [ардагер металлург Бірлікбай Ордабаев жайлы] / Р. Алдашева // Құрыш қала KZ. - Теміртау.- 2015.- 27 қараша (№43-44).- 6 б.

Алдашева, Р. "Нұрлы Нұра даласы, Міне бүгін қарашы...": [Қазақстан Магниткасы жайлы] / Р. Алдашева // Құрыш қала KZ. - Теміртау.- 2015.- 3 шілде (№25).- 4 б.

Алдашева, Р. Теміртау - өр еңбектің астанасы [Мәтін]: [қала күні қарсаңында тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығында ардагер металлургтер мен қарт зейнеткерлерге құрмет көрсетілді] / Р. Алдашева // Құрыш қала KZ. - Теміртау.- 2016.- 30 қыркүйек (№14).- 4 б.

Екпінді комсомолдық құрылыс: [Қазақстан Магниткасының тарихы жайлы: "Тұғыры биік Теміртау" кітабынан үзінді] // Құрыш қала KZ. - Теміртау.- 2015.- 11 қырк. (№34).- 11 б.



ОК: Победа көшесі, 12 үй  
телефоны: 8(7213) 98-47-60  
ОК сайты: [www.kulturatem.kz](http://www.kulturatem.kz)  
e-mail: [tcsqb@mail.ru](mailto:tcsqb@mail.ru)